Білімді ұстаз ғана өз оқушысының алдында беделге ие болады. Сондықтан, әр ұстаз шығармашылықпен жұмыс істеп, білім деңгейін үнемі жоғарылатып отыруы қажет. Сонда ғана оқушылар әрбір пәннің мазмұнын меңгеріп, олардың пәнге деген қызығушылығы арта түседі, өз бетінше оқып үйренуге дағдыланады. Дамыған елдерде ұстаздың бойында бала қызыға қарайтын, мен де осындай болсам екен деп еліктейтін қасиеттердің болғаны

дұрыс деп есептеледі. Себебі, баланың ұстазына деген сүйіспеншілік сезімінің болуы, оның жақсы білім алуына оң ықпал етеді.

Көрнекті педагог В.А. Сухомлинский: «Сабақ жасөспірімдердің интеллектуалды өмірінде құрғана сабақ болып қоймас үшін, ол қызықты болуы керек. Осыған қол жеткенде ғана мектеп жасөспірімдер үшін рухани өмірдің тілеген ошағына, мұғалім осы ошақтың құрметті иесі мен сақтаушысына, кітап – мәдениеттің баға жетпес қазынасына айналады» – деп айтқан екен.

Қазір мұғалімдерден сабақ берумен ғана шектелмей, білім және тәрбие жұмысын бірге жүзеге асыру талап етіледі. Нағыз ұстаз баланы жеке тұлға деп танып, оның пікірімен әрқашан санасады, оны белестен белеске, асудан асуға жетелейді, биік шыңдарды бағындыруға жігерлендіреді.

Ұстаз – шәкіртін ынталандыра отырып, оның бойына жүректілікті, кішіпейілділікті, намысшылдықты, өз еліне адал қызмет етуді, еңбекқорлықты, жалпы айтқанда, адамгершілік пен патриоттық қасиеттерін дарытуда орасан еңбек етуші тұлға. Сондықтан да «Жастар – біздің басты капиталымыз» біздің бет-бейнеміз екені сөзсіз. Ендеше, білім беру саласындағы басты міндет ұлттық ерекшеліктерді есепке ала отырып, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісін жетілдіру, жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев жылдар бойы білім және ғылым са-

ласына ұдайы көңіл бөліп келеді. 2017 жылы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында да бұл мәселені назардан тыс қалдырған жоқ. Ең алдымен білім беру жүйесінің рөлі өзгеруі тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын оқушылардың сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға негіздей отырып құру қажет – деген жолдар соның дәлелі. Уақыт кезеңі де осыны талап етеді.

Қорыта айтқанда, қоғамдық сана жаңғыруының қозғаушы күшіне айналуға. Сондықтан табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Білім – рухани жаңғырудың басты алғышарты. Өйткені, ой жүйесі терең, алыстан пайымдап, тереңнен тамырланған дүниетанымы кең адам ғана бәсекеге төтеп береді деген ауқымды ұғымды білдіреді. Демек жарқын, бақытты өмір сүру үшін жастарымыз білімді, саналы азаматтар болып қалыптасуы керек. Ендеше, рухани жаңару арқылы әлем мойындар табысты ел болып, жарқын болашаққа деген сенім мен үмітті үндестіре отырып, баршамыз Қазақстанды әлемнің 30 бәсекеге қабілетті елінің қатарына қосу үшін, ұлттық рухани-адамгершілік қасиеті мол, тәрбиелі, білімді ұрпақ өсіруіміз керек. Ұстаздан тәлім алған әрбір шәкірт елімізді жетістікке, табысқа жеткізетін азамат болсын.

## МНЕНИЕ

## Орфографические навыки и пунктуационная грамотность в работе с новыми учебниками

**В нашей стране полным ходом идет обновление содержания образования. В новой программе и учебниках обновленного содержания большое внимание уделяется развитию коммуникативной компетенции учащихся – способности понимать и создавать тексты, общаться. Это очень хорошо, однако орфографическая и пунктуационная грамотность – основа изучения русского языка – отодвинуты на второй план.**



**Валентина ГРЫЦАЙ,**  
СОШ №14 г. Павлодара

При таком положении уже через несколько лет мы получим поколение безграмотных детей. Складывавшаяся десятилетиями психологически и методически обоснованная система полностью разрушена. Как справедливо сетовали педагоги, из учебника пропал сам предмет, остались лишь сквозные темы, внедрение которых противоречит основным принципам дидактики. При этом соблюдение орфографических, грамматических и стилистических норм никто не отменял, о чем прямо сказано в ГОСО. Ана-

детей грамотному письму.

Теперь еще более актуальными становятся такие принципы преподавания, как дифференциация, индивидуализация, сгущение информации, алгоритмизация действий по применению правил, использование сетевых ресурсов, атмосфера сотрудничества.

О дифференциации в преподавании различных дисциплин говорят очень давно. Тем не менее она не утрачивает своей актуальности и поныне.

Индивидуализация обучения направлена на преодоление несоответствия между уровнем учебной деятельности, который задают программы, и реальными возможностями каждого школьника.

Для эффективного изучения

лиз программы обновленного содержания показал, что большая часть учебного материала по орфографии и пунктуации отсутствует. Таким образом, учителю придется либо смириться с существующим положением вещей и преподавать русский язык для бытового пользования, либо так построить свою работу, чтобы, не нарушая требования обновленной программы, суметь обучить




Рис. 2. Слепая ЛСМ по теме «Н и НН в разных частях речи»




Рис. 1. ЛСМ (каркас модели)

орфографии на уроках обновленного содержания необходимо сгущать учебную информацию. Сгущение информации предназначено для повышения интенсивности обучения путем увеличения объема передаваемой информации в единицу учебного времени без ущерба для физического и психического состояния учащихся.

С помощью модульного подхода в обучении ученики самостоятельно структурируют и систематизируют учебный материал большого объема и при необходимости могут уплотнить его. В качестве учебного модуля можно использовать логико-смысловые модели (ЛСМ), сгущающие информацию. Конструирование

ЛСМ происходит с использованием тех же приемов, которые используются при логико-смысловой переработке любой учебной информации (рис. 1). А вот как выглядит «слепая» модель по теме (рис. 2).

Результаты обучения с использованием логико-смысловых моделей показывают, что дети способны не только повторить, систематизировать или освоить материал, но и проявить творческий подход к изучению русского языка. Таким образом, чтобы успешно обучать детей орфографии в современных условиях, необходимо максимально сжимать информацию, дифференцировать и индивидуализировать ее подачу.

## УЧЕБНЫЙ СЕЗОН

## В школе третьего возраста

**В сентябре стартовал новый сезон школы третьего возраста «Парасат», организованный филиалом АО «НЦПК «Өрлеу» Института повышения квалификации педагогических работников по Акмолинской области».**

Лекторами курсов выступили преподаватели кафедр и сотрудники отделов. По желанию пенсионеров-слушателей школы занятия по компьютерной грамотности, изучению казахского языка, рисованию «Арт-терапия», а также физкультурминки и психологические тренинги проводятся дважды в неделю по два часа.

Благодаря таким курсам у пенсионеров меняется качество жизни. Для них подобные занятия – это целый новый мир. Здесь они приобретают не только новые знания, но и новых друзей.

Все занятия адаптированы с учетом возраста и возможностей пожилых людей. Наши слушатели – это активные, жизнерадостные, любознательные и коммуникабельные люди. А самое главное, они молоды душой. Это и делает их жизнь счастливой.

**Роза МУКАНОВА,**  
начальник  
отдела информационных технологий  
ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР  
по Акмолинской области»



## ӨЗГЕРІСТЕР

## Электронды кезек жүйесінің тиімділігі көп

**Елімізде жүзеге асырылып жатқан «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы жаңа технологиялар арқылы халықтың өмір сүру сапасын жақсарту-ды көздейді.**

Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Жолдауында: «Біз цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кезеңді міндет» деп атап кетті. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы инфрақұрылымды дамытуға, адам капиталын жақсартуға, экономика саласын цифрландыруға және мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін жетілдіруге бағытталады.

Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына кезектілікті қалыптастыру мен оның қызметін және жолдамаларды беру процесін автоматтандыру жүйесі негізгі бір бағыты. Перзентіңізді енді балабақшаға электронды кезектен тіркеліп, орналастыра аласыз. Бұл жоба өңіріміздегі Орал қаласында осы жылдың қаңтар айынан, Бөрлі ауданында тамыз айынан іске қосылып, сәтті жүзеге асырылуда. Жылдың аяғына дейін аудан орталықтарының мектепке дейінгі ұйымдарын жобаға қосу жоспарлануда.

Кезекті басқару жүйесі өтініш беруші арқылы кезекке қоюға өтініш беруге, берілген өтінішті өзгертуге, өтінішті кезектен қайтаруға, мектепке дейінгі ұйымға қабылдауға жолдама алуға және оны жоюға, жолдаманың қолдану мерзімін ұзартуға, өтінішті өзгеру жағдайы туралы хабарламаны және жолдаманы алуға мүмкіндік береді.

Орал қаласы бойынша кезекке garden.bilim-oral.gov.kz, Бөрлі ауданы бойынша ddo.rooaksai.kz порталдарында немесе халыққа қызмет көрсету орталықтарына келіп тұруға болады.

Кезектілік кезек әкімшісі бекіткен қала, ауыл, аймаққа сәйкес қалыптастырылады. Кезекті басқару жүйесінде тіркелген өтініштер баланың өтініште көрсетілген туған жылы бойынша түрлі кезекке, ал кезектіліктің ішінде өтінішті берген күнімен топтастырылады. Бос орындарға жолдамалар беру жас ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Бірінші кезекте орын алу құқығына ие жандардың өтініштері кезектен тыс орын алу құқығына ие өтініштер кейін кезекке қойылады. Бірінші кезекте орын алу құқығына ие өтініштер кезектен тыс орын алу құқығына ие өтініштерден соң

кезекте (жалпы негізде) қандай да бір басым жағдайы жоқ басқа өтініштер арасында «үшке бір» қатынасында бөлу жолымен қойылады. Яғни, басымдыққа ие өтініштер (бірінші кезекке ие) жалпы негізде берілген әр үш өтініштен кейін орналасады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі №172 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 7-тармағына сәйкес бірінші кезекте орын алу құқығы келесі санаттарға беріледі:

- 1) заңды өкілдері мүгедек болып табылатын;
- 2) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және жетім;
- 3) көпбалалы отбасылардан шыққан;
- 4) ерекше білім беруді қажет ететін балалар.

Өтініштерді кезекке қою келесі талаптар бойынша жүзеге асырады:

– Қазақстан Республикасы аумағында ешбір кезекте тіркелмеген өтініш;

– баланың жасы 7 (жеті) жастан аспаған;

– өтініш беруші баланың ата-анасы немесе оның заңды өкілі болуы.

Кезекті басқару жүйесіне өтініш беру үшін 2 ұялы телефон нөмірін жазып, ЖСН және мекен-жайы туралы мәлімет жазу қажет, өтініш беруші 15 минуттың ішінде балабақшаға кезекке қойылады. Бір тәуліктің ішінде өтініш берушіге тіркелу туралы хабарлама келеді.

Айта кетейік, сайттан тек сәбилерді балабақшаға кезекке қойып қана қоймай, мектепке дейінгі ұйымдар туралы толық мәлімет алуға болады.

Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына кезектілікті қалыптастыру мен оның қызметін және жолдамаларды беру процесін автоматтандыру жүйесі цифрлық білім беру ресурстарын дамыту және сыбайлас жемқорлық құрамдаушыны болдырмау мақсатында енгізіліп, жыл басынан бері осы жоба бойынша мыңнан астам балғын мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мекемелеріне орналастырылды.

**Светлана ТЕМІРҒАЛИЕВА,**  
Батыс Қазақстан облысы  
Білім басқармасының  
мектепке дейінгі,  
жалпы орта білімді  
дамыту бөлімінің басшысы

## ФОРУМ РОДИТЕЛЕЙ

## Стань примером ребенку

**В стенах Мичуринской основной средней школы села Агродорок Абайского района Карагандинской области впервые прошла республиканская родительская конференция, организованная МОН РК совместно с ТОО «Институт семейного воспитания». Первый республиканский форум родителей дал старт единым республиканским конференциям во всех образовательных учреждениях страны. Тема конференций – «Казахстанские родители XXI века: стань примером своему ребенку».**

Инновационно-просветительскую форму работы с родительской общественностью по вопросам семейной педагогики и психологии предложил Институт семейного воспитания. Отдел образования Абайского района поддержал предложенный метод работы и принял активное участие в организации конференций. Их общая цель – популяризация, продвижение и укрепление семейных ценностей, совершенствование взаимодействия образовательных учреждений с семьей по вопросам воспитания подрастающего поколения, раскрытие самых трудных вопросов, возникающих у родителей в процессе воспитания, обеспечение информационной безопасности детей, профилактика суицидального поведения несовершеннолетних, работа с родителями, поддерживающими ношение детьми

религиозной атрибутики.

Все ли родители знают, как именно обеспечить ребенку психологическую поддержку в определенных ситуациях? Что надо сказать и сделать? Как выйти из трудных ситуаций, не унижая своего ребенка, не разрушая его самооценку?

Республиканские родительские конференции «Казахстанские родители XXI века: стань примером своему ребенку» стали хорошей возможностью для родителей узнать полезную информацию по проблемам воспитания. Они дают лучшие рекомендации от психологов мира по профилактике и коррекции разных ситуаций.

Прошедшее в Мичуринской ОСШ собрание было направлено на работу с родителями первоклассников. Мама и папа узнали, как наиболее грамотно оказать помощь своему ребенку в

процессе адаптации к учебе, повысить самооценку ребенка и в игровой форме создать положительную мотивацию для учебы.

Явка родителей на конференцию составила 88,2%. Это свидетельствует об их неравнодушии к воспитанию и обучению детей и сотрудничеству с педагогическим составом школы.

Под занавес конференции родители заполнили предложенные им анкеты с вопросами, затронутыми на конференции. Кроме того, они получили от организаторов собрания памятки с рекомендациями компетентных психологов и педагогов. Каждый из участников родительского форума получил возможность провести самоанализ своих качеств.

Мы уверены, что участие в республиканских родительских конференциях «Казахстанские родители XXI века: стань примером своему ребенку» поможет мамам и папам учащимся почувствовать готовность школы к тесному взаимодействию с ними. А у родителей возникнет желание активно участвовать в школьной жизни своих детей.

**Ольга РЫБАКОВА,**  
педагог-психолог  
Мичуринской ОСШ  
Карагандинская область



## ЖОСПАР

## Сабақты жүргізу арқылы проблемаларды зерттеу

Сабақ – педагогикалық туынды, мұғалімнің жұмысының көзге көрінетін негізгі бір бөлігі. Әрбір сабақ біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асыруға бағытталады: оқыту, дамыту, тәрбиелеу. Сабақ сыныпқа кіргенге дейін оған алғашқы дайындықтан басталады және сабақ жоспарын дайындау – табысты сабақты құрылымдаудағы жауапты кезең. Белсенді сабақ – табысты сабақтың алғышарттарының бірі.

Белсенді сабақты жоспарлау неден басталады? Мұғалім алдымен мынадай дайындық жұмыстарын жасайды:

– оқу бағдарламасындағы, тізбектелген сабақтар топтамасындағы осы сабақтың орнын белгілейді;

– оқу мақсаттарына байланысты сабақтың тақырыбын, мақсаттарын анықтайды;

– тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдар мен түсініктерді зерделейді;

– өткен және келесі сабақтарға шолу жасап, осы тақырыппен байланысын ескеру арқылы бүгінгі сабаққа қатысты ойларды толықтырып жинақтайды.

Келесі кезекте сабақтың кеңейтілген жоспарын жазып,

әдістемелік жобасын құрады. Белсенді сабақты жоспарлау үрдісі әрбір педагогке белгілі келесі қадамдардан тұрады. Олар: белгіленген мақсаттарға жету деңгейін бағамдауға қолданатын бағалау критерийлерін анықтау; оқу материалының мазмұнын саралау; оқыту әдістері мен тәсілдерін таңдау; оқушылардың сабақта жұмыс істеу түрін, оқыту үлгілерін анықтау; бағалауға арналған тапсырмаларды дайындау; үйге берілетін тапсырмаларды таңдау; бақылау, бағалау түрлерін белгілеу; сабақты қорытындылауға қажетті сұрақтарды дайындау, т. б.

Мұғалім әрбір кезеңде қолданатын оқыту үлгілеріне (жеке, жұптық, топтық, бүкіл сыныптық), оқытудың әдіс-тәсілдеріне мән беруі керек. Себебі, белсенді сабақта оқушының атқаратын қызметі мен іс-әрекеттері танымдық, коммуникативтік және өзін-өзі басқару тұрғысында көрініс табады. Сабақты жоспарлағанда мұғалім педагогикалық іс-әрекетінің мазмұнын анық көрсетеді, яғни, өзінің және оқушыларының орындайтын әрекеттерін ашып көрсетеді.

Сабақтың тиімділігін және табыстылығын қамтамасыз ету – мұғалімнің айтарлықтай күш-жігерін жұмсауын қажет етеді. Дегенмен, сабақтың тиімділігін арттыру әрбір педагогтің қолынан келетіні анық. Осы салада зерттеушілер тиімді сабақты ұйымдастыруда кездесетін

келесі проблемаларды анықтаған:

– дәрісте қолданатын әдіс-тәсілдердің бірсарындылығы;

– сабақта уақытты тиімді қолданбау;

– проблемалық оқыту элементтерін сирек қолдану;

– сабақта АКТ-ны тиімді қолданбау;

– барлық оқушылардың танымдық әрекетке тартылуын қамтымау;

– сабақтың және тапсырмалардың логикалық құрылымына мән бермеу;

– сабақта көрнекі құралдардың жеткіліксіздігі;

– теориялық материалдың қажеттігін бағалай алмау;

– жаттығулар мен тапсырмаларды немқұрайлы таңдау;

– оқушыларды жеке орындауға арналған тапсырмалармен толық қамтымау;

– оқушыларды шектен тыс көп тапсырмалармен жалқытыру.

Аталған қиындықтарды шешу жолдарының бірі – сындарлы оқыту теориясын басшылыққа алып, сабақты белсенді әдістер қолдану арқылы тиімді жоспарлау.

**Мөлдір АЙТКЕНОВА,**  
**«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ аға оқытушысы,**  
**Гүлбарам ҚАЙМАҚОВА,**  
**№16 ОМ директоры**  
**Осакаров ауданы**

## САДЫ И ШКОЛЫ

## В онлайн, господа, в онлайн!

С декабря прошлого года в Атырау действует электронная очередь для получения путевки в дошкольные учреждения. А на днях здесь заработал специальный сайт, помогающий избежать хождения по кабинетам и исключить коррупционные риски.



Согласно информации пресс-службы горакимата, на сайте garden.atyrau.gov.kz в режиме онлайн можно выбрать детсад, получить о нем полную информацию, отследить очередь в дошкольное учреждение, а также получить обратную связь посредством SMS или e-mail. По словам и.о. руководителя городского отдела образования Алмабека Абдолова, это поможет сэкономить время родителей, а также максимально блокировать коррупционные риски и личный контакт со специалистами горОО.

На сайте также размещен полный список детских садов города, очередь заявлений, бюллетень свободных мест и

свод полученных направлений. Родители, не выходя из дома, смогут проверить очередь и получить направление в детский сад. Кроме того, здесь имеется список частных детских садов и информация о количестве в них занятых и свободных мест.

– Свободные места в детских садах появляются в течение всего года и практически ежедневно, – отметили в городском отделе образования. – Чем крупнее город, тем чаще это происходит.

На сегодняшний день в 42 государственных детских садах областного центра имеется 13 219 мест, из них свободных – 1141. От родителей подано 24 925 заявлений: от очередни-

ков – 22 408, льготных категорий граждан – 2517.

Между тем, в начале нового учебного года в тех же социальных сетях появилось несколько жалоб от родителей учащихся. По их словам, руководство некоторых школ принуждает их покупать дополнительные рабочие тетради. Ситуацию прокомментировал и.о. начальника городского отдела образования Алмабек Абдолов. Он отметил, что школам запрещается требовать от родителей рабочие тетради по всем предметам. Если обнаружится подобный факт, будет применена соответствующая мера. Чиновник напомнил, что учебники тяжелые, а рабочие тетради увеличивают вес. Если все это носить вместе, то ребенку будет нелегко.

Напомним, что сейчас Министерство образования и науки РК совместно с Минздравом разрабатывают стандарты всех учебных принадлежностей, учебников и других учебных материалов, соответствующие всем санитарным нормам.

**Айбар ОРЫНБАСАРОВ**  
**Источник фото: info.ru**  
**Атырау**

## ЗЕРДЕ

## «Сыншы дос» әріптесінің кәсіби біліктілігін арттыруға ықпал етпек



Қазіргі күн сайын өзгеріп жатқан заманда балаларға тиісті білім беру үшін мұғалімнің өзі де тиісті деңгейде білікті болуы міндетті. Мемлекет басшысының біліктілікті арттыру жүйесін жетілдіру және педагогтің сапалы кәсіби дамуы қажеттілігін іске асыру үшін жаңартылған білім беру аясында бір айлық курсқа «Сыншы дос», яғни, мектептегі іс-әрекетті зерттеу ісін енгіздік.

«Сыншы дос» – қолдау көрсету арқылы адамға жігер-қуат берумен қатар, әділ, шынайы және адал, достық сынды ауыр қабылдайтындарға кейде естудің өзі қиынға түсетін кері байланыс ұсынатын адам. Кемшіліктер, проблемалар мен қиындықтар, көңіл-күйге жүк түсіретін мәселелер туралы шынайы, бірақ сындарлы пікір айтуға келіскен және әріптесіне ынтымақтасу негізінде біліктілігін арттыруына қолдау көрсететін тұлға – «сыншы дос». Ол білім деңгейі жоғары және мұғалімдерге (досына) түртікі болатын сұрақтарды қойып, пайдалы сын айта алатын, сенімді адам болуы қажет. Дос – жұмысының табысты болуын қалайтын, соған қызығушылық танытатын мүдделі адам. «Сыншы дос» пен «дос» арасындағы сыни достық үдерісі – сенім білдіруді талап ететін үдеріс. Екі тарап өкілі де бір-біріне сенім білдіріп, өздерінің ішкі ойларын бүкпей білдіре алатын жағдайда болуы қажет.

Зерттеу мақсаты – курс барысында мұғалімдерде туындаған мәселелерді анықтап, салыстырып, әріптестік пен ынтымақтастық негізінде сыншы достық көмегі арқылы мұғалімдерге (досына) сындарлы пікір айту және біліктілігін арттыруға қолдау көрсету.

«Сыншы достық» әріптесінің кәсіби біліктілігін арттырудағы үлесі қандай?

Педагогикалық зерттеу жүргізу барысында мұғалімдер арасында педагогикалық бақылау, пікірлесу, анкета толтыру ұйымдастырылды және педагогикалық тәжірибелік жұмыстарына бағыттап тапсырмалар ұсынылып, талдау жасалып, мұғалімдердің материалдарына зерттеу жүргізілді.

Курсқа келген тыңдаушылардың кәсіби білім деңгейін, қабілетін анықтау үшін алдымен жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында тәжірибелік тапсырмалар берілді. Соның негізінде (бастапқы, қалып-

тасу, қалыптасқан, жетілген) деңгейлерінің аспектілері арқылы біліктілігі анықталды.

Тапсырмаларды орындауда бірнеше мұғалім «қалыптасқан» деңгейдегі көрсеткішті көрсетті. Соның нәтижесінде оларды біз (тренерлер) «сыншы дос» деп сайладық. Ал, «бастапқы» және «қалыптасу» деңгейіндегі көрсеткішті көрсетіп, барынша қолдауды қажет ететін мұғалімдерді «дос» ретінде қалдырдық.

Курс барысында тыңдаушылар берілген тапсырмаларды жеке, топпен, жұппен орындағанда сыншы достар өз әріптестеріне (досына) көмек беріп, қолдау көрсетіп, біліктіліктерін жетілдіріп отырды.

Курс нәтижесінде сыншы достар әріптестерінің қысқа мерзімді жоспар құруына, оқу мақсаттарынан сабақ мақсаттарының шығатындығын, қалай ұсыну керектігін, критерийлерді құрудың жолдарын, критерийге сәйкес дескрипторды нақты беруді жоспарда ұтымды көрсетті. Сонымен қатар, презентация қорғау барысында әрбір критерийге дәлелдемелер ұсынып отырды.

Әріптестік ынтымақтастық арқылы тренердің тақырыптан тақырыпқа жеңіл өтуіне, тақырыпты меңгермей қалмайтын тыңдаушылардың болмайтындығына, сыншы дос көмегінің негізінде мұғалімнің (достың) танымдық қажеттілігі де ескерілді. Сонымен қатар, тыңдаушының (сыншы достың) өтілген тақырып аясында өз біліктілік және кәсіби деңгейін үнемі арттыруға, әр адамның қол жеткізген жетістіктерін анықтап, саралауға, қателіктермен жұмыс жасауға ықпал етті. Тыңдаушының (дос) топтық, жұптық жұмыстар арқылы өзіндік «менін» дамытуға, білуге деген ынтасын, сенімділігін, талабын арттыруға, өзіне сенімді, көшбасшылығы басым тұлға болуына әсер етті.

Сыншы достың алдындағы міндет мұғалімге (досқа) ой салу. Сол арқылы, яғни, сыншы достың толқытуымен ой түбінде жатқан білім жарыққа шығады. Іс-әрекеттік зерттеуді енгізудің педагогтердің біліктілігін арттыруда ықпалы орасан зор екеніне көзіміз жетті.

**Баян БАЙХАДАМОВА,**  
**«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Жамбыл облысы бойынша ПҚ БАИ «Инновациялық технологиялар және жаратылыстану-ғылым (гуманитарлық) пәндерді оқыту» кафедрасының аға оқытушысы**

## ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

# Особенности обучения детей с особыми образовательными потребностями

**На сегодняшний день в Акмолинской области на базе нескольких общеобразовательных школ проводится экспериментальная апробация модели инклюзивного обучения детей с особыми образовательными потребностями.**



**Анаркуль КУРМАШЕВА,**  
главный специалист  
отдела методического  
обеспечения  
инновационного развития  
ФАО «НЦПК «Өрлеу»  
ИПК ПР  
по Акмолинской области»

Реализация модели инклюзивного образования предполагает постоянный, систематический профессиональный и личностный рост педагога. Для

этого наряду с традиционными формами повышения квалификации следует отметить необходимость организации и посещения экспериментальных площадок, на базе которых успешно осуществляется инклюзивное образование. Например, в г. Кокшетау это может быть КГУ «Средняя школа №19», где наряду с учащимися с особыми образовательными потребностями (ООП) обучаются обычные дети. Одним из приоритетных направлений развития средней школы №19 является внедрение инклюзивных практик обучения учащихся с особыми образовательными потребностями. С 2014-2015 учебного года в соответствии с приказом управления образования Акмолинской области школа получила статус областной экспериментальной площадки (модельный ресурсный центр) по развитию инклю-

зивного образования в регионе. Ее задачей является наработка опыта по созданию условий для адаптации и обучения детей с особыми потребностями.

В 2017 году на республиканском методическом фестивале «Инклюзивное образование: методология, практика, технологии», организованном ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Акмолинской области», средняя школа №19 признана лучшим ресурсным центром по инклюзивному образованию.

Для создания условий включения учащихся в общеобразовательный процесс в школе организована служба психолого-педагогического сопровождения и школьный психолого-медико-педагогический консилиум. Психологической службой школы проводится диагностика по выявлению учащихся, нуждающихся в комплексном медико-педагогическом сопровождении. Для того чтобы оценить включенность учащегося в учебный процесс, специалисты службы посещают уроки, оценивая учебную мотивацию ребенка, его активность на уроке, само-

стоятельность, взаимодействие с учителем и одноклассниками.

Учебно-методическое обеспечение развития инклюзивного образования предполагает и разработку системы мониторинга и оценивания результатов обучения детей с особыми образовательными потребностями. Важной характеристикой системы оценивания является то, что она не только исползуется при выставлении отметок, но и осуществляет контрольно-диагностическую связь между учителем, обучающимся и родителями.

Современный учебный план рассматривает школьное оценивание как составную часть всего учебного процесса. Это означает, что образовательный процесс необходимо рассматривать как единое целое, состоящее из трех компонентов – «преподавание – учение – оценивание». Все компоненты данного процесса открыты, взаимозависимы, взаимодействуют и обуславливают друг друга.

С точки зрения инклюзивного образования педагогическое оценивание должно восприни-

маться как комплексный непрерывный процесс измерения, оценивания, анализа данных о прогрессе ребенка в учебе.

Наиболее используемый термин в оценивании – это результат или школьные достижения. В современной же концепции объект оценивания представляет собой не только продукт, результат учебной деятельности, но и процесс, который способствует получению результатов.

Понятие «тест на знание», употребляемое для определения оценки любого школьного результата, недопустимо в образовательной практике.

Успешная организация и соблюдение нормативной базы в ходе экзаменационной сессии обеспечивает исключение дискриминации и ущемления прав учеников с ООП, предоставляя равные шансы в дальнейшем обучении. Это, по нашему мнению, полностью соответствует принципам инклюзивного образования и отвечает требованиям формативного обучения в повседневной деятельности учителя.

## АЛМАТЫ №163 МЕКТЕП – ЛИЦЕУ

## Ұстаз аты – биік әрі мәңгілік

**Бала бойына білім нәрін себетін, адамгершілік дәнін егетін басты тұлға – ұстаз. Адам жанын нұрландырар ұғымының ұлысы – ұстаз. Осы құрметке ие мұғалімдердің бірі – Арзыгүл НҮСІПҚЫЗЫ.**

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев еліміздің келешегі туралы тереңнен толғай отырып, «Мемлекетіміздің ең басты дүниесі тек қана табиғи байлық емес, сонымен қатар, жасөспірім ұрпағы, өйткені, олар – ұлтымыздың болашақ айнасы» дегені мәлім. Демек, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін ұстаз – баға жетпес тұлға. Абай атамыз «сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта, бар қалан» деп айтқандай, әр оқушыға білім беріп, оған өмірлік бағыт сілтеп, өмірге «кірпіш» болып қалануына зор үлес қосатын – мұғалім.

Жаратылысынан ұстаздық қасиетпен дүниеге келген адам, алдында отырған шәкіртіне бойындағы барлық жақсы жақтарын беруге тырысады деп білемін. «Ұстаз болу үшін, ұстаз болып туылу керек» деген сөздің айғағы ретінде сүйікті ұстазым, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, саналы ғұмырының басым бөлігін еске алатын оқу-тәрбиесіне арнап, күні бүгінге дейін бар білгенін шәкірттерінің бойына дарытуды мақсат еткен, өз мамандығының білгірі Арзыгүл Нүсіпқызы жайында сөз қозғасам деймін. Қазақтың ұлы ақыны Абайдың, заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтардың, дауылпаз жырдың құлагері Ілиястың, сұлу сөздің иелері Сәкен мен Мағжанның шығармаларын бала жүрегіне бойлай енгізіп, өткір де өміршең шешендік сөздер арқылы халқымыздың рухани құндылықтарын шәкірт бойына сіңіру арқылы ертеңгі еліміздің тізгінін ұстайтын жас жеткіншектерді – бізді тәрбиелеуде аянбай еңбек етіп, тер төгіп келе жатқан аяулы ұстазым. Менің білімімді өрбітіп, жетілдіруге атсалысқан, мейірімді де сыпайы жүзімен өзіне баурай білген ұстазым.

Ол қажырлы еңбегінің арқасында көптеген белестерді бағындырып, жетістіктерге қол жеткізді, аудандық, қалалық, республикалық мадақтамалармен, Алғыс хаттармен марапатталды, «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті



қызметкері» атағына да ие болды. Аяулы ұстазым менің әдебиет әлеміне деген қызығушылығымды оятты. Меніңше, бала қиялымды шындыққа айналдырып, асқақ арманымға бір табан болса да жақындауыма зор үлес қосқан ұлы жан. Менің бойымдағы кішкентай ұшқынды көре біліп, зор сүйіспеншілікпен қамқор бола білді десем артық айтқаным емес. Мені көптеген аудандық, қалалық, республикалық додаларға қатыстырып, алдымнан шығатын кедергілерден сүрінбей өтуге, алға қойған мақсатыма жету үшін күресуге шыңдап келеді. Шәкірттерін баурап алатын құлаққа жағымды қоңыр дауысымен, мейірімді жүзімен өмір сүрудің мәнін ұғындырған ұстазыма алғысым шексіз.

Міне, мен биыл 11-сыныпқа көштім. Болашақта журналист болғым келеді. Халықпен бірге тыныстап, елімізде болып жатқан жаңалықтың жаршысына айналуға армандаймын. Бұл мамандықты таңдауыма апайымның әсері мол.

Қорыта айтсам, жаңа заманға сай жігерлі де намысты ұлдарды, инабатты да ибалы қыздарды білім нәрімен сусындатып қана қоймай, қазақы болмысымызбен тәрбиелеуге үлес қосып келе жатқан ұстаз аты – биік әрі мәңгілік!

**Сымбат ҚҰДАБАЕВА,**  
11-сынып оқушысы

## Жаны жайсаң жан

**Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, зияткерлік деңгейі биік азамат етіп тәрбиелеуде мектеп пен ұстаздың алатын орны ерекше. «Мұғалім – мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл-әрекетке ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз жалын иесі». Тек мықты ұстаз ғана осындай ауыр жүкті көтере алады. Осындай қасиет бойынан табылатын жандардың бірі – Алмагүл МҰҚАТАЙҚЫЗЫ.**

Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Алмагүл Мұқатайқызы өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін шексіз жақсы көретін адам. Осы іске деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігі небір қиын әрекеттерге жетелеп, іске батыл кірісуіне себін тигізеді деп ойлаймын.

«Қыран түлегіне қайыспас қанат сыйлайды, ұстаз шәкіртіне талмас талап сыйлайды». Қандай қанатты сөздер! Мектеп, Білім, Ұстаз! Бір-бірімен тығыз байланысқан осы үш сөздің әрбір жүрекке жол табары сөзсіз.

Педагогтың еңбегі шәкіртімен тығыз байланысты. Ұстаздық пен шәкірттік – адам баласы ара қатынасының ең бір абзал, мағыналы түрі. Мектеп екінші үйіміз болса, апайымыз екінші ана болды. Көп жылдар бойы жинаған білімін бізге беруден жалыққан емес. Апайдың арқасында ұйымшыл да білімді, еңбекқор болып өсіп келеміз. Оқытқан шәкірттері білімді, ел қалаулысы болып жатса, бұл ұстаз бақыты емес пе?!

Оқушы жүрегіне білім мен тәрбие нәріне еге білген нағыз ұстаз – жас мамандарға үйретері мол тәлімгер. Еліміздің тарихы, кешегісі, бүгінгісі мен болашағы, алып тұлғалардың



өмірі мен шығармашылығы туралы қызықты мәліметтермен ой-өрісімізді кеңейткен, сол арқылы бізге «Қазақ» екендігімізді мақтан тұтатын сезім ұялата білген, төзімділікті, ұстамдылықты, ізденімпаздықты үйреткен ұстазыма алғысым шексіз.

Мұғалімдердің барлығы да оқушыларын, өз мамандығын сіз секілді сүйе білетін «Ұстаз» болса екен деймін. Әр шәкіртінің жүрегінен орын алған апайымды мен ешқашан ұмытпаймын. Әркез мұғаліміме амандық, еңбегіне табыс тілеп жүремін. Мен сияқты тілекші шәкірттері көп болсын деген ниеттемін.

**Балнұр НҰРАЛЫ,**  
9-сынып оқушысы

## «ӨРЛЕУ» БАҒО» АҚҒР ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ПҚ БАУ

## МӘСЕЛЕ

## Көркем және технологиялық білімді дамытудағы тиімді оқыту тәсілдері

Қазіргі кезеңде оқушылардың көркем және технологиялық білімдерін дамыту үшін білімді өздігінен игеруге оқушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру – оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі. Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге, оқушыға өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді.



Кунзүлу ТӘУКЕБАЕВА,  
«Тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., профессор

Мұғалімнің оқушымен бірлесіп шығармашылықпен айналысуы және серіктес, кеңесші ретінде қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқушылардың көркем және технологиялық білімін дамыту қалай жүзеге асады?

Бұл мақсатқа жету үшін тұлғалық-бағдарлық білім беруде оқушы-

лардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермеу керек. Белсенді оқу стратегияларын – тәжірибелік, эксперименттік, пікірталас және топтық жұмыс ұйымдастыру қажет.

Тиімді оқыту және оқу тәсілдерін қолдану, оқушылардың жоба және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруымен сабақтасады. Тиімді оқыту және оқу тәсілдерін қолдану оқушылардың қызығушылығын туғызып, олардың қажеттіліктері мен ұмтылысына сай келетін тапсырмалар орындауына мүмкіндік береді.

Сабақта мұғалім әрдайым модельдеумен және көрсетумен айналысуы керек, сонда шәкірттер мұғалімді бастамашыл, ынталы, шығармашыл мұғалім ретінде қабылдайтын болады. Сол сияқты, оқушыны ынтымақтастық пен топтық жұмысқа ынталандыру керек. Балалар көркем еңбек сабағын жақсы көреді, сондықтан – олардың өнерге деген сүйіспеншілігін арттыра түсу керек.

Тәжірибеге және бірлескен оқуға негізделген белсенді әдістер әрбір оқушының әлеуетін арттыруды қамтамасыз ете отырып, олардың қажеттіліктерін саралау үшін тама-

ша мүмкіндіктер береді. Демек, «мен істей аламын» деген сенімге негізделген жағымды тәсіл оқушының дербес мүмкіндіктерінің деңгейінен жоғары нәтижелерге бағдарлайды. Бірлескен оқуды тиісінше зерделей отырып, пайдалану – ақпарат жинауды жақсартады, оқушының жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын, сондай-ақ, тұлғаралық және коммуникативтік дағдыларды дамытады. Сонымен қатар, ол белсенді азаматтық көзқарасты қолдайды және оқушылар арасындағы кедергілерді жою арқылы теңдік пен алуантүрліліктің болуына ықпал етеді. «Көркем еңбек» пәнін оқу барысында оқушылар тәуекелге келіп, болжап, түсініп, түрлі көзқарастар мен ой-пікірлерді мойындайтын зияткерлік құндылықтарға ықпал ететін көркем өнер тәжірибесіне қызығушылық танытатын болады.

Баса көңіл бөлетін жағдай, «Көркем еңбек» пәнін оқыту барысында оқушылар үнемі рефлексия және бағалау циклі арқылы білімін бекітуге және кеңейтуге ынталандырылады. Оқушыларға білімге, дағдыға сүйене отырып, зерттеулері мен жетістіктерін пайымдауға мүмкіндік беріледі.

Осылайша, олардың суретші, дизайнер және колөнерші ретінде дамуына, сондай-ақ, оң көзқарас пен жеке мүддесін дамытуына жағдай жасалады. Аталған оқыту тәсілдері оқушыларды өнер саласындағы жұмыстарды білуге және сипаттауға бағыттайды. Бұл өз білімін, идеялары мен зерделенген көркемдік элементтерді баяндау үшін нақты пәндік тілді дамытуға жағдай жасайды.

нына жүктелетін абыройлы да, жауапты міндет болып отыр.

Күн тәртібіне қойылып отырған күрделі мәселелердің ішінде жас ұрпаққа білім беруді әлемдік деңгейге жеткізу үлкен орын алады.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі түбегейлі өзгерістерге байланысты білім жүйесіндегі едәуір өзгерістердің бірі – Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының жанынан ашылған «Педагогикалық шеберлік» орталығы мен Кембридж университетінің бірлесіп ұйымдастырған педагогтердің біліктілігін арттырудың 3 айлық деңгейлік курсы мен жаңартылған білім мазмұны бойынша біліктілікті арттыру жүйесіне енгізілген реформа болды.

Институтымыз 2012 жылдан бері педагогтердің біліктілігін арттырудың 3 айлық (3 базалық) деңгейлік курсы мен 2016 жылдан бері жаңартылған білім мазмұны бойынша курстарды үздіксіз табысты жүргізуде.

Педагогтердің кәсіби деңгейін ұдайы көтеріп отыру, олардың теориялық білімі мен әдістемелік білігін үздіксіз жетілдіру, оқытудың озық әдіс-тәсілдерімен тиісінше қаруландырып, шығармашылық жұмыстарына жол көрсету – білім беруді ұйымдастырудың маңызды міндеттерінің бірі.

Адамзат баласының өз ұрпағын оқыту және тәрбиелеудегі ең тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу, педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту қашан да жалғаса бермек.

## Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алудың психологиялық аспектілері

Лаңкестік, экстремизм мен қазіргі әлемдегі оның құбылыстарына қарсы тұру мәселелері жекелеген мемлекеттер үшін де, сондай-ақ, жалпы дүниежүзілік қоғам үшін де – ең маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Діни экстремизмнің алдын алу мәселелері ғылыми және бұқаралық басылымдарда, телерадио бағдарламаларда белсенді түрде талқылануда. Аталмыш құбылысқа қатысты белсенді пікірталастардың орын алуы оны зерттеудің қажеттілігі мен өзектілігін көрсетуде.

Экстремизм сөзінің этимологиясына үңілсек, «экстремизм» сөзінің нақты мағынасы ХХ ғасырда пайда болды. Қазіргі таңда экстремизм шектен шыққан радикалдық ұстаным (бағыт) ретінде түсіндіріледі. Экстремист – біржақты көзқарасты (ұстанымды) берік ұстанып, қоғамдық қатынас тұрғысынан шектен шығатын қимылдарға дайын адам, ол өзінің саяси көзқарасы бойынша солшыл немесе оңшыл болуы мүмкін.

Экстремизм өз мәнінде «агрессия» және «қылмыс» ұғымдарын қамтиды. Алайда, агрессия саналы әрі бейсаналы болатын болса, экстремизмге мотивация тән. Сол себепті, экстремизм адамдарға қатысты орын алатын әлеуметтік құбылыс әрі зорлық көрсетуге бағытталған тәрбиенің немесе сыртқы факторлардың тұлғаға кері ықпалынан пайда болатын салдар болып көрінеді. Мысалы, заманауи ғылымда экстремизмнің пайда болуына ықпал ететін:

– әлеуметтік психологиялық және өнегелік (өзгелердің пікірлерімен санаспаушылық, айналадағы жағдайды дұрыс пайымдай алмаушылық), психологиялық тұрақсыздық (шектен тыс психологиялық белсенділік, тез қабылдаушылық немесе жастық максимализмі, бұлардың барлығы тек арнайы жағдайларда немесе өзге факторлармен қатынасқа түскен кезде ғана пайда болады);

– әлеуметтік-экономикалық (материалдық жағдайының төмен болуы, әлеуметтік теңсіздік);

– идеологиялық (жалпы идеологияның әлсіздігі немесе болмауы);

– жұмыспен қамсыздандыру;

– әлеуметтік тарихи (репрессиялар салдары, соғыс, гуманитарлық апаттар, т. б.) факторларды көрсетеді.

Жоғарыда берілгендерден, экстремизмнің генезисін талдаудан байқалғандай: аталмыш құбылыстың орын алуына қарапайым мүдделердің қақтығысы мен саяси, экономикалық, әлеуметтік, конфессионалдық сипаттағы қайшылықтар негіз бола алады деген тұжырым жасауға болады. Діни экстремизмнің көріністері – қазіргі заманда жастардың жат ағымның идеологиясына еліктеп, соқыр сенімнің жетегімен зайырлы қоғамға қарсы әрекет етуі. Діни экстремизмнің

көрінісі ретінде ғаламтор кеңістігіндегі мұсылмандардың қысымға ұшырауы, әсіресе АҚШ, Еуропа, Израильдегі, Ресейдегі, Кавказ аймағындағы мұсылмандар туралы ақпараттарды, қанға бөккен адамдардың суреттерді, бейне-материалдарды ашық көрсету арқылы күллі әлемді мұсылмандарға жау ретінде көрсетуге ұмтылуын, діни экстремистік идеялардың тарауын айтуға болады. Сонымен қатар, интернет-сайттарда діни экстремизм идеяларын насихаттаушылардың түрлі діни уағыздары аудио-видео жазба түрінде таратылуы діни экстремизмнің көрінісі.

Сондай-ақ, ғаламтордағы экстремистік веб-сайттардың ықпалынан басқа, шет елден діни білім алған жалған ғалымдар өздерінің экстремистік уағыз арқылы қазақтың санасына, салт-дәстүріне, ұлттық танымына, тарихына қарсы мазмұндағы жастардың санасын улайды. Террористік қызметтің жаһандануының салдары онымен тұрақты айналысатын адамдардың айрықша топтарының қалыптасуына алып келуде.

Дей тұрғанмен, Исламның өз болмысында ешқандай агрессияшылдық жоқ. Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» деп атап өткен болатын. Білім беру ұйымдарында «Зайырлық және дінтану негіздері» курсының оқыту оқушылардың діни ілімнің ерекшелігі мен тарихы туралы ғылыми білімін қалыптастыруға, жастарды бейбітшілікке, мәдени және діни сауаттылыққа тәрбиелеуге бағытталған. Сол себепті де мектеп қабырғасында білім алып жатқан жас ұрпақты осындай жат ағымдардың жетегінде кетуден сақтау – біздің негізгі парызымыз.

Баймырза  
ҚОЖАМБЕРЛИЕВ,  
Жанар ҚҰЛЫМБЕТОВА,  
«Өрлеу» БАҒО АҚФ  
Қызылорда облысы  
бойынша  
ПҚ БАИ оқытушылары

## Білім – ең жоғары құндылықтардың бірі

Қай мемлекеттің де негізгі тірегі – асқақтаған күмбездер де, ғимараттар да, экономикалық жағдай да емес, білімді де білікті, іскер де белсенді адамдар.



Пердегүл ТАҢАТАРОВА,  
аға оқытушы

Қоғамның дамуына қарай ғылым мен техниканың деңгейі де, оны басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі. Осыған орай, маман қызметінің мазмұны жаңарып, жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіншіліктер қажет. Ондай мүмкіншілік тек білім арқылы келеді.

Білім – қоғамды әлеуметтік, мәдени-ғылыми прогреспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық. Оның ең негізгі қызметі – адамның менталитетін, адамгер-

шілігін, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, дамыту. Осыған орай, егеменді еліміз өзінің дамуының ең басты алғышарты – білім беру жүйесінің білім ғасырындағы міндеті мен мазмұнын айқындап берді.

Білім беру – аса күрделі әлеуметтік-экономикалық механизм. Оны реформалаудың мәселелері де сан қырлы. Қазіргі кездегі республикамызда қолға алынған білім беру жүйесін реформалау ісі осы саланың экономикалық-ұйымдық, құқықтық, құрылымдық жақтарын түбегейлі өзгертуге бағытталған біртұтас кешенді шаралармен тығыз байланысты. Білім беру ісіндегі жаңа үрдістің мән-мағынасы, сипаты мен бағыт-бағдарын айқындаушы дәйекті факторлар:

• Қазақстан Республикасының тәуелсіз егеменді мемлекет болып қалыптасуы;

• экономиканың нарықтық моделін ұстанып, меншіктің түрлі пішімдерін дамыту;

• ұлттық білім беру ісінің әлемдік білім жүйесіне кіруі болып отыр.

Тәуелсіздік алғалы бері жыл сайын білім жүйесіне енгізіліп отырған реформалар біздің болашағымызға салынып жатқан даңғыл жол деп айтуымызға болады. Себебі, қай мемлекеттің болсын экономикалық-әлеуметтік жағдайының дамуына тікелей апарар жол – сол елдің білімінің дамуы. Яғни, болашақта бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына ену міндеті бәсекеге қабілетті ұстаз мой-



ФРАО «НЦПК «ЕРЛЕУ» И ПК №Р ПО СЕВЕРУ – КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»

## Педагогическая поддержка как стратегия и тактика современного образования

**Современный ученик рассматривается не как объект педагогических воздействий, а как субъект со своим внутренним миром, личностным потенциалом, индивидуальными возможностями и особенностями. Важно вовремя направить указанные характеристики в русло эффективного развития и становления личности. Именно поэтому сравнительно новые для отечественной системы образования понятия педагогического сопровождения и педагогической поддержки обучающихся все активнее входят в повседневную жизнь школы.**

На наш взгляд, психолого-педагогическое сопровождение и педагогическая поддержка должны занимать важное место и в работе психолого-педагогической службы организаций образования. В школьные годы ребенок переживает несколько переходных периодов, требующих от него приспособления к новым условиям. Наиболее сложным является переход ребенка из начальной школы в среднюю. И при правильной организации он может способствовать психологическому, социальному росту ребенка, в ином случае это может стать болезненным процессом приспособления, привыкания.

В настоящее время в нашей стране интенсивно развивается школьная психолого-педагогическая служба. Среди основных целей деятельности педагогов-психологов образовательных учреждений – содействие развитию личности учащихся и сохранению их психологического здоровья. Одним из важнейших условий достижения

данной цели является обеспечение адаптации детей к образовательной среде. Адаптация ребенка к школе не заканчивается в первом классе. Она продолжается фактически до окончания школы, так как образовательный процесс предполагает непрерывные изменения обстановки в условиях постоянного развития ребенка.

В ряде случаев понятие «адаптация личности» рассматривается через призму соотношения с понятием «социализация и развитие личности». При этом одни авторы считают, что процесс адаптации постоянен, другие полагают, что личность начинает осуществлять адаптивные процессы в тех случаях, когда оказывается в проблемных ситуациях, а не только при переживании конфликтных ситуаций.

Проблема перехода в среднее звено связана и с проблемой преемственности, которая разрабатывается учеными Казахстана Р.А. Должиковой, Е.А. Конобеевой, П.С. Сыгымбековой.

Понятие «психолого-педагогическое сопровождение» неразрывно связано с понятием «педагогическая поддержка», которую многие исследователи рассматривают как стратегию и тактику образования XXI века. Психолого-педагогическое сопровождение входит в систему понятий «педагогики поддержки» – одной из современных педагогических парадигм.

Психолого-педагогическое сопровождение личности учащихся при переходе из начального звена в среднее обеспечивает успешность учащихся и их адаптацию к учебно-воспитательному процессу.

**Ольга КОРЯГИНА,**  
начальник отдела по связям  
с общественностью  
и издательской деятельности,  
к.п.н.

## Состояние и перспективы профессионального роста сельского учителя

**В условиях поэтапного обновления содержания среднего образования становятся значимыми системность и динамичность профессионального роста педагогов. Международные исследования доказывают, что учитель оказывает в два-три раза больше влияния на учебные достижения учащихся, чем другие школьные факторы. Учащиеся, обучающиеся у высококвалифицированных учителей, показывают лучший уровень учебных достижений, чем у педагогов, имеющих низкую квалификацию.**



**Бахыт БУЛАТОВА,**  
главный специалист  
отдела мониторинга и  
анализа

Какие же факторы влияют на профессиональный рост педагогов? С этой целью проведен социологический опрос учителей Северо-Казахстанской области, результаты которого были ориентированы на рефлексивное осмысление учителем собственной педагогической практики и критериев профессионального роста. В группу респондентов включены учителя как сельских, так и городских школ с целью сопоставительного анализа.

Оценивая факторы, влияющие на профессиональный рост, большинство педагогов отмечают роль мотивации педагога, его стремление к

саморазвитию. В то же время, отвечая на вопрос «Что для вас является основным стимулом профессионального развития?», вторым по значимости они выделяют фактор стабильности и защищенности, относящийся к стимулированию и внешней мотивации. Данное противоречие свидетельствует о взаимозависимости и взаимовлиянии внутренних и внешних факторов профессионального развития.

По мнению четверти опрошенных педагогов, важным фактором выступает внимание к данному вопросу со стороны администрации школ, роль которой заключается в планировании и управлении профессиональным ростом педагогических кадров. Большинство педагогов, принимавших участие в анкетировании, анализируют собственную педагогическую деятельность и выстраивают траекторию развития. При этом, по результатам анализа педагогической практики, учителя сельских школ менее системно планируют дальнейшее профессиональное развитие.

В ходе опроса педагогам предлагалось оценить уровень собственных предметных знаний. Учителя сельских школ менее уверены по всем

предложенным критериям. Но при этом городские учителя более критично оценивают свои знания базовых основ преподаваемого предмета.

В процессе анкетирования педагогам предлагалось проанализировать свой профессиональный рост после курсовой подготовки. По мнению большинства педагогов, они продолжают изучать и апробировать предложенные на курсах повышения квалификации педагогические технологии. При этом учителя сельских школ менее активны в апробации методов и технологий.

На эффективность педагогического труда, по мнению педагогов, особо влияют технические условия: оснащение учебных кабинетов, наличие интернета, обеспеченность учебниками и дополнительной литературой.

Подытожив вышесказанное, отмечаем, что эффективность профессионального роста педагога обуславливают внутренние факторы (удовлетворенность трудом, стремление к саморазвитию, профессиональная свобода и т. д.) в сочетании с социальными (стабильность и защищенность, продвижение по карьерной лестнице и т. д.), условия и стимулы рефлексивного осмысления педагогической деятельности, системная поддержка со стороны администрации и методических служб школы, района, посткурсовая поддержка в изучении и апробации педагогических технологий, технические условия труда, обеспеченность учебниками и дополнительной литературой, а также правовая защищенность.

## Новые парадигмы развития образования в современном Казахстане

**Каждый учащийся – потенциал государства, его будущее и его возможности. Цель современного образования – раскрыть и развить способности каждого учащегося, выявить его стремления и направить их в нужное русло. В данных условиях осуществляется поиск новых парадигм развития образования, направленных на формирование функционально-исследовательских навыков учащегося, необходимых для его активного участия в развитии науки и техники.**



**Ольга МЕДВЕДЕВА,**  
старший преподаватель

Что означает понятие «парадигма» в педагогической науке? Парадигма – концептуальная

система, которая включает в себя разработку инновационных идей, подходов, технологий, результатов научных исследований и практик. Какие парадигмы нужны сейчас современному образованию, чтобы реализовать обозначенную выше задачу? Анализируя данный вопрос, обозначим ряд требований, которым должны отвечать парадигмы для эффективного прогнозирования процессов развития образования.

Первое. В центре образования должна быть личность с ее индивидуальными потребностями и возможностями.

Второе. Образование в стратегическом плане должно быть социально ориентированным.

Школа сохраняет и укрепляет семейные устои и традиции, присущие той социальной группе, которая обучается в данной организации образования. А опыт родителей помогает детям глубже разобраться в специфике профессии и быстрее продвигаться в ее освоении.

Третье. Соответствие путей развития образования, его тенденций и перспектив основным направлениям развития общества. Образование выступает в качестве слепка и модели общества. Оно, с одной стороны, испытывает на себе влияние всех сфер жизнедеятельности человечества, с другой – воздействует на них, либо способ-

ствуя продвижению общества вперед, либо ставя преграды на его пути.

Особенность государственно-образовательной парадигмы проявляется в возможностях и перспективах образования, которые напрямую связаны с типом, характером и уровнем развития государства. Для совершенствования института образования государство должно оказывать поддержку в реализации его инициатив на благо отечества, не довлея над выбором средств и способов обучения.

Производственно-образовательная парадигма предполагает разработку модели обучения, посредством которой учащийся овладевает навыками, необходимыми в его будущей профессиональной деятельности.

Научно-образовательная парадигма основывается на зависимости образования от науки

и определяется тем, насколько полно и глубоко используются достижения науки в развитии образования, как они отражаются в его содержании.

В основе культурно-образовательной парадигмы – формирование и развитие личности, аккумулирующей в себе опыт предшествующих поколений, способной жить и осуществлять свою деятельность в рамках духовных ценностей и идеалов своего народа.

Семейно-образовательная парадигма направлена на приобщение учащихся к семейным ценностям, на подготовку молодого поколения к будущей семейной жизни.

Таким образом, каждая представленная парадигма развития образования – это модель взаимодействия одного из социальных институтов с образованием и механизм всестороннего и гармоничного развития личности ребенка.

## БАҒЫТ – БАҒДАР

## Цифрлық технология бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру жолдары

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өсіру қажеттігін атап көрсетті. «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында республика мектептерінде педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық құзырлығын қалыптастырып, дамытуға ерекше мән берілді.



Сәуле МҰХАМБЕТЖАНОВА, п.ғ.д., доцент, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, «Өрлеу БАҒО» АҚФ ҚР білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыратын республикалық институттың «Менеджмент және ақпараттық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі

Жаһандану заманында цифрлық қоғам мен білім беруді цифрландыру және электрондық оқыту (e-learning) жүйесін білім беру ұйымдарына енгізу жағдайында педагогтердің қашықтықтан біліктілігін арттыру ең өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Бұл мәселені шешу үшін кафедрамыз ЮНЕСКО халықаралық ұйымымен бірлесе отырып, педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық құзырлығын қалыптастыру бойынша модульдік оқу бағдарламаларын жасады және оны MOODLE ортасында ұйымдастыруды ұсынды. Сонымен бірге, Білім және ғылым министрлігі жариялаған іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша грантты ұтып алу негізінде педагогтердің қашықтықтан біліктілігін арттырудың

нормативтік-құқықтық базасы жасалып, республикадағы шағын жинақты мектептердің педагогтері үшін сынақтан өткізіліп, тиімділігін айқындады. Мұндай жұмыстар педагогтердің бәсекеге қабілеттілігі мен білім сапасын арттыруға бағытталған.

## Еліміздегі педагогтердің бүгінгі ақпараттық-коммуникациялық икемі қай деңгейде?

Жүргізілген сауалнама 50 жастан асқан педагогтердің компьютерге бейіндігі төмендігін, ал 30-45 жастағылар ақпараттық-коммуникациялық ортаға тез сіңісіп кеткендігін көрсетіп отыр. Осы факторлар негізінде республикалық институт еуропалық стандартқа сәйкес педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық және технологиялық құзырлығын қалыптастыру бойынша көпвекторлық модульдік бағдарлама жасады. Мұнда педагогтердің жасына сәйкес ақпараттық-коммуникациялық құзырлығын қалыптастыру көзделеді. Дамыған елдердің тәжірибесін талдай келе, Оңтүстік Кореяның қашықтықтан біліктілікті арттыру тәжірибесін негізге алып отырмыз.

Жалпы, педагогтердің IT-саласын жан-жақты меңгеруі үшін кез келген педагог кең жолақты интернет желісіне қосылған ноутбукпен қамтамасыз етілуі қажет. Сонда ғана ол іздене бастайды.

Алайда IT саласының динамикалық өзгерісіне сәйкес республикадағы 300000-нан аса педагогтің ақпараттық-коммуникациялық құзырлығын қалыптастыруды бір жылда жүзеге асыру мүмкін емес. Бұл қажеттілікті шешу барысында республикалық институт ЮНЕСКО, Майкрософт және

Интел компанияларымен бірлесе отырып, жұмыс істеп келеді. Жыл сайын e-learning жобасына сәйкес 8000 ұстаздың АКТ бойынша құзырлығын қалыптастырумен айналысқан болатынбыз.

## Электрондық оқыту жүйесінің енгізілуіне байланысты педагогтердің коммуникациялық мәдениеті қай деңгейде?

Интернет технологияларының дамуына сәйкес, электрондық оқыту жүйесінің платформаларымен жұмыс жасауда мұғалімдердің өлі де болса жұмыс жасау деңгейі қалыпты деуге болады. Бұл кезекте, педагогтердің телеарналарға шығу мәдениетін арттыру мәселесі туындайды.

Осы мәселені шешу барысында Оңтүстік Корея елінің білім саласы бойынша үйренген тәжірибемізді ортаға салсам деп отырмын. Оңтүстік Корея елінде 7 телеарна білім саласы бойынша жұмыс жасайды екен. Білім беру жүйесінің ақпараттық кеңістігін кеңейтетін оқыту және ғылыми-көпшілік бағдарламалары ірі Educational Broadcasting System (EBS) телерадиокомпаниясының 7 телеарнасы арқылы таратылады. Сонымен бірге, бұл елде білім беру жүйесінің келесі ақпараттық платформасы: EduNet (оқыту мен оқу үшін), EMIS және NEIS (басқару үшін), Cyber Home Learning System (CHLS) (үйден оқыту үшін) құрылған. Аталған платформалар e-learning оқыту жүйесін іске асыруға бағытталған. Корея Республикасында Білім, ғылым және Технология Министрлігінің қолдауымен жасақталған Ұлттық ақпараттық білім беру жүйесінің (NEIS) есебінен білім беруді басқарудың тиімділігі қамтамасыз етілген. CHLS жобасы ерекше қызмет көрсету моделі – оқушылар үшін сабақтан тыс уақытта білім беру ортасын жинақтайды. CHLS – оқушылар өзіндік оқу стилі, жетістіктер деңгейі негізінде жеке тұлғаға бағытталған өзіндік білім алу ортасын, сыныбын, сандық контенттерін таңдайды. Жоба онлайн режимінде қосымша оқу материалда-

ры арқылы репетиторлармен жеке жұмыс істеуді қамтамасыз етеді және қосымша білім беру құнын және бастауыш пен орта мектеп деңгейіндегі «алшақтықты» төмендетеді. Cyber High School – оқушылардың қашықтықтан және өзіндік білім алуының белсенді құралы ретінде жоғарғы мектептің оқу үдерісіне кеңінен қолданылады. KAIST – center интернет қоры ғылым мен технологияда дарынды балаларды қосымша біліммен қамтамасыз етеді.

Кореяда біліктілікті арттыруда «теңбе-тең» оқу ұстанымын кеңінен қолданады. Яғни, біліктілігін арттырған әрбір ұстаз өз мектебі мен өзге мектептегі әріптестеріне жаңа тәжірибесін үйретеді. Кәсіби мәселелерін шешу үшін педагогтердің желілік қауымдастығының қорлары белсенді пайдаланылады, ал біліктілікті арттыруда кредиттік жүйе қолданылады. Яғни, әрбір мұғалім жыл сайын 8 кредитті (120 сағаттық) жинау қажет. Педагогтердің АКТ дайындығын қамтамасыз ету үшін арнайы контент жасақталған. Тағы бір назар аударатын жайт, ол мұғалімдердің демалыс уақытында біліктілігін арттыру жүзеге асырылады, ал сабақ уақытында олардың біліктілігі үшін қашықтықтан оқыту технологиясы қолданылады екен. Сондықтан Корея елінің тәжірибесін зерттей келе, осы жылдан бастап республикалық институтта біртіндеп енгізу жолға қойылды.

Жоғарыда келтірілген қажеттіліктерді шешу үшін кафедрамыз «Цифрлық қоғамдағы педагог моделі» тұжырымдамасын дайындау үстінде. Тұжырымдама креативті қоғамда бәсекеге қабілетті әрі цифрлық сауаттылығы қалыптасқан тұлғаны қалыптастыруға негізделген.

Мұнда цифрлық мектепті басқарудан бастап, мектеп пәндеріне цифрлық технология құралдарын қолдана отырып, оқыту мәселелері қарастырылады. Мектепте цифрлық оқыту процесін енгізу әдістері беріледі. Ол оқыту «e-learning+ m-learning+smart-learning» үш ағынды оқытумен байланыстырылады, соған сәйкес курстар жоспарланып отыр.

## ӘДІСТЕМЕ

## Оқушыларға пәндер арасындағы байланысты көрсету

Химиялық реакция теңдеулері тақырыбы бойынша математика пәнін кіріктіре отырып, химия сабағында дарынды балаларға пәндер арасындағы байланысты қалай көрсетеміз?

XXI ғасырда күннен күнге қарыштап дамып жатқан заманның мұғалімдер мен оқушыларға қояр талабы жоғарылап келеді.


Жоғарыда көрсетілген мәселе Семей қаласындағы физика-математикалық бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 8-9 сынып оқушыларын оқыту кезінде туындады. Химия пәнін оқытудағы маңызды кездердің бірі – химиялық реакциялардың типтерін қарастыру. Кез келген химиялық реакция теңдеулерін жазған кезде «Зат массасының сақталу заңын» оқушы сауатты көрсете алуы керек.

Дарынды оқушылар сабақ барысында «Химиялық реакция теңдеулері» тақырыбын еркін меңгеріп, берілген тапсырмаларды тез орындап, кейде салғырттық танытып, сабаққа қызығушылықтары төмендегені байқалды. Кейін олардың сұранысымен берілген үлкен мәнге ие коэффициенттерді қоюды талап ететін күрделі тотығу-тотықсыздану реакцияларын теңестіру оқушыларда айтарлықтай қиындық туғызды. Осы мәселені шешу жолдарын қарастыру барысында пәнаралық байланысты кіріктіре отырып, математикалық әдіспен химиялық реакцияларды теңестіруге болатынын түсіндірдік.

Жалпы бұл әдіс бойынша химиялық

реакция кезіндегі материалдық балансты сақтау үшін анықталынатын коэффициенттерді математикадағы «белгісіз айналымдар» ретінде қарастыра отырып, жүйе құрастыру арқылы шығаруға болады. Енді химиялық реакцияларды математикалық әдіспен теңестіруді нақты мысалдармен қарастырайық.

## Теңдеу 1.



Мұндағы  $x, y, z$  – реакцияға қатысатын литий, оттегі және литий оксидінің молекула сандарын көрсететін коэффициенттер. Ал, химияда коэффициенттер ол бүтін сандар болуы керек.

Зат массасының сақталу заңы ережесі негізінде әрбір элемент үшін теңдеулер құрамы:


$$a) Li \text{ үшін: } x = 2z;$$

$$b) O \text{ үшін: } 2y = z; y = 0,5z;$$

Осыдан:




Бұдан қысқарту арқылы:



Химиялық реакцияға коэффициенттер қойылды, теңдеудің екі жағындағы элементтердің атом сандары теңесті, реакция теңдеуі құрылды.

Енді бірнеше айнымалылардан тұратын күрделірек мысалды қарастырып көрейік.

## Теңдеу 2.



мұндағы  $x, y, z, m, n$  – реакцияға қатысатын мырыш, азот қышқылы, мырыш нитраты, аммоний нитраты және судың молекула сандарын көрсететін коэффициенттер.


Химиялық қосылыстарды құраушы элементтердің индекстерін ескере отырып, төменде кестеде көрсетілген 5 белгісізден тұратын жүйені құрастырамыз.

Zn	$x = z$
H	$y = 4m + 2n$
N	$y = 2z + 2m$
O	$3y = 6z + 3m + n$


Жүйені түрлендіру арқылы кестеде төмендегідей қатынастарды өрбітуге болады:

Zn	$x = z$				$x = 4m$
H	$y = 4m + 2n$			$6m = 2n + 2$	$y = 10m$
N	$y = 2z + 2m$			$10m = 2z + 2m$	$z = 4m$
O	$3y = 6z + 3m + n$	$y = 2z + m + n/3$	$n/3 = m$		$n = 3m$

Кестеден көрініп тұрғандай,  $x, y, z, m$  айнымалылары  $n$  арқылы түрлендірілді. Нәтижелерді химиялық реакция теңдеуіне қоюға болады:



Осыдан қысқарту арқылы:



Химиялық реакцияға коэффициенттер қойылды, теңдеудің екі жағындағы элементтердің атом сандары теңесті, реак-

ция теңдеуі құрылды.

Жоғарыдағы мысалдардан көрінгендей кез келген химиялық реакцияны математикалық әдіс көмегімен теңестіруге болады. Өткізілген тәжірибе бойынша көрсетілген әдісті 8-сыныпта оқушылардың 10-15 пайызы, ал 9-сыныпта оқушылардың 35-40 пайызы меңгерді.

Химия пәнін дарынды балаларларға оқытуда кездескен қиындықтың шешу жолдарының бірі – осы әдіс. Пәнаралық байланыстың арқасында түйіні тарқаған күрделі мәселенің берер пайдасы мол. Бұл әдісті оқушыны пәнге қызықтыруда,

Асылбек ОРАЗБЕКОВ,  
химия пәні мұғалімі,  
Зухра ТАСТАМБЕКОВА,  
физика пәні мұғалімі,  
Нұрғазы ТҰРСЫНҒАЗИН,  
математика пәні мұғалімі  
Семей қаласындағы ФМБ НЗМ

## БОЛЬШОЙ ПРОЕКТ

# Двенадцать тысяч километров на мотоцикле

В нефтяной столице страны намерены реализовать международный проект атырауских мотоциклистов «Бабалар ізімен – Дорогами предков», поддержанный Главой государства. Цель проекта – пропаганда духовного богатства, современного развития и культурно-этнического единства народа независимого Казахстана.

Идею о патриотическом мотопробеге впервые озвучил президент мотоклуба «Wheels Brothers MC Atyrau» Олег

Шмаль (на снимке) 23 августа во время встречи с Президентом Казахстана Нурсултаном Назарбаевым в ходе его рабочего визита в Атыраускую область. Она заключается в том, чтобы пройти на мотоциклах по самому длинному маршруту нового «Шелкового пути» – от Китая до Западной Европы. Для иностранных участников этого проекта предусматривается программа посещения сакральных мест Казахстана.

– Идея сложная, никто до нас этого не делал. Но мы надеемся, что обязательно справимся, если вы нам пожелаете удачи, – сказал Главе государства Олег Шмаль. На что Нурсултан Назарбаев ответил: «Обязательно пожелую! И не



только сакральных мест. Надо вашему клубу выступить с призывом: «Познай свою страну!». Давно я вынашиваю эту идею».

– Мы планируем охватить самый длинный маршрут нового «Шелкового пути» – от Китая до Западной Европы, от Желтого до Северного моря, – рассказывает нашему изданию Олег Шмаль, кстати, также возглавляющий Атырауское немецкое этнокультурное объединение «Видергебурт». – Маршрут составит порядка 12 тысяч километров. Конечно же, масштабность зависит от бюджета, поэтому мы не отказываемся от партнерской и спонсорской помощи. Данный мотопробег в формате «народ-

ной дипломатии» проводится впервые. Следовательно, мы хотим основательно подготовиться: набрать участников, оснастить транспорт и т. д. Реализация нашего проекта запланирована на следующий год. Но о конкретных сроках говорить пока рано.

Всем желающим принять участие в международном мотопробеге достаточно быть физически крепким, увлекаться экстремальным мототуризмом, любить свой край и страну. И знать как минимум один иностранный язык для полноценного общения.

Адам ГУРЬЕВ

Фото из архива редакции Атырау



## УГОЛОК БІЛІМБЕКА

## За что мы любим футбол? (Размышления болельщика)

Привет, друзья! Почему футбол – единственный вид спорта, привлекающий к себе толпы людей во всем мире? То, как волнуются болельщики на трибунах стадиона, это еще куда ни шло. Но как объяснить наши заклинания, крики, приступы восторга и ярости перед телевизором? Почему футбол делает нас такими счастливыми или несчастными? Думаю, все потому, что за 90 минут футбольного матча можно ощутить все эмоции, которые испытываем в течение жизни: радость, гнев, несправедливость, разочарование. И никакие другие события не способны объединить такую массу людей в едином порыве...

Пытаясь понять феноменальную любовь, которую вызывает у нас футбол, отмечаю один неоспоримый факт: эта игра в своих положительных проявлениях гасит в человеке жестокость. Футбол – говорю без

пафоса! – наполняет наши сердца радостью вдохновенного зрелища со здоровой борьбой, быстрым бегом и азартом. Здесь проявляются лучшие человеческие качества: смекалка, виртуозность фокусни-

ка, чувство взаимопонимания с партнерами, выносливость, колоссальное терпение и, конечно же, огромная воля.

Стоит добавить к этому особую роль тренера, который является организатором команды. Тайной своего таланта именно он приводит в действие скрытый потенциал отдельных игроков – будущих звезд. Только благодаря прикосновению его «волшебной палочки» рождаются новые «пеле» и «марадоны». «Казахский Месси» Еркебулан Сейдахмет, например.

А наши педагоги должны особо ценить футбол за его универсальность. Ведь в нем наши дети находят именно то, чего недостает им в жизни. Кому-то футбол нравит-

ся физической стороной, кому-то азартом, а кто-то участвует в нем как в захватывающей шахматной игре, где происходит схватка двух интеллектуалов.

Футбол похож на учителя, который всегда готов дать полный ответ на любой сложный вопрос. Футбол похож на школьного друга – отличника учебы, умеющего выручить нас в любой момент своими уникальными способностями. Футбол напоминает древнегреческую трагедию, поскольку один гол может полностью изменить ход событий.

Правильность моих слов подтверждает и журналистка из французского «Le Figaro» Бландин Ле Кен. «Удача, взаимопомощь, несправедливость, грубость, – пишет

Ле Кен – соотечественница действующих чемпионов мира. – Футбольный матч возбуждает на поле, быть может, и фальшивые переживания, но они оказываются тяжелыми, когда происходят в настоящей жизни».

...«Вы любите театр?» – восторженно спрашивает актриса в одном из советских фильмов. И сама же отвечает на этот вопрос. Да так, что любой, кто прежде не заглядывал даже в фойе театра, после ее слов бежит сломя голову на первый же спектакль.

Слегка изменив ее фразу, хочу спросить у наших читателей: «А вы любите футбол?»...

Ваш Білімбек

## РЕКЛАМА

По вопросам размещения рекламы и подписки на газету

«БІЛІМДІ ЕЛ – ОБРАЗОВАННАЯ СТРАНА»

обращаться по телефонам

87015124250, 87084256340,

по вопросам

размещения материалов – 87084254770.



www.bilimdinews.kz



bilimdi\_el@mail.ru



Отсканируйте для быстрого перехода с мобильного телефона на сайт газеты «Білімді ел – Образованная страна» через любое QR Droid приложение.

«О футболе я самого лучшего мнения. Отличная игра для грубых девчонок, но не для деликатных мальчиков»

Оскар УАЙЛЬД

БІЛІМДІ ЕЛ  
ОБРАЗОВАННАЯ СТРАНА

Газета выходит при информационной поддержке Министерства образования и науки Республики Казахстан

По вопросам размещения рекламы – тел.сот. 87015124250  
Выпускающий редактор: **ЖАНАТ СУЛЕЙМЕНОВА** (тел.раб. 8(7172)254 770, тел.сот. 87084254770 – по вопросам публикации)  
Редакция: тел.раб. 8(7172)256340, тел.сот. 87084256340  
Дизайн и верстка: **ЭРИК МУРАТОВ**

Республиканская образовательная общественно-политическая газета «Білімді ел – Образованная страна». Собственник: ТОО «Казахстанская образовательная газета». Свидетельство о постановке на учет №16015-Г, выданное Комитетом связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 02.06.2016 г. Подписной индекс 64603. Газета отпечатана в типографии ТОО «Костанайский Дом печати» по адресу: г. Костанай, ул. Майлина, 2/3.

Газета выходит при информационной поддержке Министерства образования и науки РК.

Рукописи не рецензируются и не возвращаются. Любое воспроизведение статей и иллюстраций, перепечатка материалов газеты возможны только со ссылкой на источник – www.bilimdinews.kz. Ответственность за достоверность фактов и сведений, содержащихся в публикациях газеты, несут авторы, в рекламе и объявлениях – рекламодатели. Газета выходит еженедельно по вторникам.

Адрес редакции:  
РК, 010000,  
г. Астана,  
ул. Кабанбай батыра,  
58 А НП 18.

E-mail:  
bilimdi\_el@mail.ru

Главный редактор:  
**ЛЯЗЗАТ ТУРКЕСТАНОВА**

Тираж: 10440 экз.  
Заказ: №1360.

## БАҒҚАУ

## Қазақстан бойынша өз саяхатың туралы жаз да сыйлық ал!

«Kazakh Tourism «ҰК» АҚ және «Білімді ел – Образованная страна» республикалық білім қоғамдық-саяси газеті басылым оқырмандары арасында ұйымдастырған «Қазақстан аумағына саяхат жасау және туған өлкенің айтулы оқиғалары мен туристік объектілерін тамашалағаны» туралы ең үздік материал үшін байқауы жалғасуда. Байқау 1 қазанға дейін жүргізіледі. Жеңімпазға бас жүлде – екі адамға «Бурабай» Шүщье курорттық аймағының маңында орналасқан «Самал» мейманханасына 7 күндік билет жолдамасы беріледі. Жолдамаға орналасу күніне үш рет тамақтану және бассейнге бару кіреді. Жеңімпаз Қазақстандағы ішкі туризм туралы үздік мақаласы үшін Дипломға және басылымға жылдық жазылым абонементіне ие болады. Оқырмандар арасында ішкі туризмді дамытушылар көп болып шықты. Назарларыңызға Гүлім ШАПАҒАТ-тың Павлодар облысы аумағында орналасқан Баянауылға саяхатын ұсынамыз.

## Баянауыл – жер жәннаты

Павлодар облыстық Кәсіпкерлік, сауда және туризм басқармасы 14-16 қыркүйек аралығында ұйымдастырған үш күндік сапарда аймақтың тарихы туралы ақпараттар мен көрікті орындарына қанықтық. Көпшілікке белгілі тарихи мекен Баянауыл мен ондағы тамаша табиғаттың сыры кімде-кімді сүйсіндірері анық. Бүгінде бұл жерді көруге тек қазақстандықтар ғана емес, шет елден ат терлетіп келетін туристер қатары көп.

Бірінші келген күні сапарлаушы топ Павлодар қаласының орталық көшелерін аралап, 2001 жылы ашылған Мәшһүр Жүсіп Көпеев мешіті мен 1942 жылы негізі қаланған Г.Потанин атындағы өлкетану музейіне бас сұқтық. Музейде Павлодардың ежелгі тарихын баяндайтын жәдігерлер мен осы өңір тумалары туралы ақпараттар жинақталған. Мұндағы бірнеше залдан археологиялық, палеонтологиялық, этнографиялық, нумизматика, сурет өнері коллекциялары, деректі, ғылыми, өндірістік жинақтамалар мен қару-жарақтарды көресің. Кезінде халық әншісі, композитор болған Майра Шамсутдиноваға да осы туған жері – Керекуде (Павлодар) музей ашылған.

Қаланы тамашалау кезінде павлодарлықтардың тарихи орындар мен ғимараттарға ерекше құрметпен қарайтынын байқауға болады. Мұнда көпестердің үйлерін көптеп кездестіресің және базары бар, олар көненің көзіндей қайта қалпына келтірілген. Бұл өңірде автобустардан бөлек, трамвай да жүреді.

Сондай-ақ, жергілікті тұрғындар ерекше жақсы көретін орындары-



ның бірі – Ертіс жағалауы да қалаға әдемі көрік береді.

Ары қарай, Керекудің көз тартар керемет жері Павлодар облысының Баянауылына жол тарттық. Баянауыл ауданының орталығы саналатын елді мекен бүгінде курорттық аймақ, 1985 жылы Ұлттық табиғи саябақ статусына ие болған. «Шөлді даладағы таулы-орманды шұрат» деп атайтын Баянауыл таулары, ормандары мен өзендерінің бір-бірін толықтыра түскен әсем келбеті жанға рахат адамның шабытын оятып, қиялдың шарықтауына ерік береді.

Баянауыл ұлттық паркінде үш ірі өзен бар. Шұрайлы мекеннің жақұттарымен таныстырып отырған экскурсия жетекшісі Сәуле Арғынова бұл өзендердің атауының тарихын баяндап берді. Мысалы, ең үлкен көл Сабындыкөл (мыльное озеро) өзенінің атауына қатысты «кезінде Баян сұлу шашын жуып жатып, сабынын суға түсіріп алған» деген аңыз бар.

Тіпті, адамдар арасында өзеннің шынымен толқын кезінде көпіріп тұратыны туралы айтылады екен. Одан кейінгісі Жасыбай өзенінің атауы жоңғар басқыншыларына қарсы күрескен Жасыбай батырдың құрметіне 18 ғасырда берілген. Бұрынғы атауы Шойынкөл болған екен. Өзеннің тұп-тұнық бетіне қарасаң, айнадай көрінеді. Ал үшінші Торайғыр өзені Торайғыр бидің құрметіне солай аталған.

Баянауыл паркіндегі көз тамсандырар таулы-тастарды түрлі мүсінге ұқсатуға болады. Мысалы, сол жерге аяқ басқан туристер өзінше бір атаулар қойып жатады екен. Мұндағы ең биік тау – Ақбет тауы. Бұған қатысты жергілікті жұрт арасында «Кезінде бір жас қызды ата-анасы өзінен жасы үлкен бай шалға ұзатпақшы болған. Оған қарсы шығып, өз сүйгеніне қосылғысы келген қыз осы таудан секіріп өлген» деген аңыз тараған. Баянауыл десе, бірден ойға оралатын табиғат сыйы – «Кемпіртас». Расымен, тасты бір жанынан қа-

расаң, көз алдыға жалмауыз кемпірдің бейнесін алып келеді, екінші жағынан қарасаң, шашын жел ұшырып тұрған қыздың бейнесіне ұқсайды.

Бұдан бөлек, «Найзатас», «Данатас», «Баян ана», «Қоңыр әулие» деп аталатын керемет жерлер бар. Биікте тұрған «Қоңыр әулие» үңгіріне бүгінде тілек-ниеттерін айтып келетін туристер аз емес екен.

Баянауылға қарасты Торайғыр жерінде де өзенімен қатар, түрлі мүсінді бейнелейтін тастар көздің жауын алады. Өсімдік-шөптердің де түр-түрін кездестіруге болады. Бұл аумақта Сұлтанмахмұт Торайғыровтың кесенесі бой көтерген.

Ерекше атап өтер жайт, бұл өлке елімізге танымал ең алғашқы академик Қаныш Сәтбаевтың, Шалпық Шөкіннің, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің, Жүсіпбек Аймауытовтың, қазақтан шыққан алғашқы кинорежиссер Шәкен Аймановтың, Әлкей Марғұланның және т. б. атақты адамдардың дүниеге келген жері.

Табиғаттың осындай көрікті жерлері адамға шабыт сыйлап, ойға ой қосып, ұшқыр қиялға ерік береді. Алайда бұл сұлулықты көру үшін Солтүстіктегі екі айдай ғана уақытқа созылатын жаз аздақ етіп отыр. Осы себепті де қысқы туризмді дамыту қолға алынууда. Павлодар облысына қарасты «Баянауыл» ұлттық мемлекеттік табиғи паркі «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі құрамына кіріп отыр. Осыған байланысты шетелдік туристердің келіп-кетуін жеңілдету үшін ұлттық табиғи парк аумағына ұшып қону жолағы төселмекші, яғни, әуежай салынады. Демек, парк аумағында қысқы туризмді дамыту мәселесі де жолға қойылып отыр.

Қазіргі таңда Баянауыл аумағында туризмді дамыту жұмыстары қызу жүргізілуде. Мәселен, ол үшін былтыр республика және облыс бюджетінен 20 миллиард теңгеге жуық қаражат бөлінген.

Гүлім ШАПАҒАТ

